

ПРОЗАЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРДА МИФТІК ЖАНРЛАРДЫҢ БЕРІЛУІ

Нұрлыбек Гүлбану

Banu_8806@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., профессор Қ.М.Байтанасова

Фольклор ұғымы барлық халық әдебиетінде бар. Оны зерттейтін ғылымды фольклористика деп атайды. Фольклор талай ғасырдан бері келе жатқан халықтың асыл мұрасы, атадан-балаға беріліп, сақталып отырған қазынамыз. Тіпті жазу, сызу болмаған күнде де фольклордың ауызша үлгілері болған және де осы күнге дейін сақталып, ауыздан ауызға тарап жеткен. Сонау замандардағы бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігінен сыр шертетін бұл фольклорлық шығармалардан аларымыз әлі де көп. Фольклорлық сарында жазылған кез келген туындыда бір ұғымның өзі сан түрлі сипатта, көптеген мағында қолданылып, әр қилы мазмұнда берілген. Бұл туралы Б.Г.Белинский де «Әдебиет деген сөздің жалпы мағынасы» деген еңбегінде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасындағы айырмашылықтарды айта келіп, ауыз әдебиеті халықтың сонау замандағы ой-санасының көрсеткіші деп түсіндіреді. Ол кездегі қандай да бір тайпа өзінің жазуын білмесе де, оның поэзиясының болмауы мүмкін емес деп топшылайды.

Фольклорлық санамызға тереңдеп енген, бай қазынамыздың, қазіргі прозада ұлттық құндылығымызбен байланыста айтылатын қайнар бұлағымыздың бірі – миф болып отыр.

Қазіргі қазақ прозасындағы миф дегеніміз – өте күрделі таңқаларлық қырлары бар құбылыс деуге болады. Миф көптеген жанрлар мен бағыттарға тереңдеп еніп қана қоймай, көркем шығарманың әр түрлі деңгейіне енгізілді. Әсіресе оның реминисценция түрінен анық көрінеді. Бұны ХХ ғасырдың соңындағы қазақ прозасынан кездестіруге болады.

Реминисценция (лат. *reminscentia* – «еске алу») – көркем туындыда бөгде біреудің шығармасының әсерімен берілуі, оның қайта жаңғыруы, не болмаса басқа туындыны еске түсіруіне әкелетін бір көрінісі, әдетте бұл автордың басқа образ, мотив, стилистикалық тәсілді интонациялық – ырғақтық жүрісті ерікті немесе еріктен тыс алып пайдаланудың нәтижесі.

Мифологиялық реминисценция жеке бір мифтің анық немесе солғындау көрінісі, кейде оның белгілі әдеби интерпретациясына бағытталған тиімді әдісі болып саналады.

Мифологиялық реминисценция мәселесі орыс зерттеушісі В.Б.Шаминаның біршама еңбегінде қарастырылған. Сыншы, зерттеушілердің еңбектерін қарай отырып, мифологиялық реминисценциялардың ең тараған мынадай түрлерін айтуға болады:

1. Мифологиялық кейіпкер;
2. Мифологиялық сюжет;
3. Мифтер мен мифологиялық «архетиптер».

Мифологиялық реминисценцияның ауқымы жоғарыдағы берілгендерден көп. Олардың құрамына цитаталар, қарапайым еске түсірулер жатады. Миф интерпретациясы кейде, оны жасаушының атымен беріледі. Мысалы, Дантениң «Күдіретті комедиясы», О.Мендельштамның «Бессоницасы», Гомердің «Туше перуса» өлеңі.

«Миф» түсінігі мифологиялық есімнен, мифологиялық бейнеден, мифологиялық баяндаудан тұрады. Бұл туралы А.Ф.Лосев, О.М.Фрейденбург өз еңбектерінде көрсетеді. Есім - ежелгі және алғашқы мифологиялық құрылым болып саналады. Ал образда салттар көрініс береді. Салт (ритуал) образды мифке сәйкес келеді. Мифологиялық баяндау мифтің түсініксіз салт-дәстүрін түсіндіру барысында пайда болған.

Автор мифологиялық есімді қолдана отырып, біріншіден, бейне сомдайды, екіншіден, берілген сюжетті қайтадан түсіндіріп береді. Яғни жаңа стратегиялы есімге бой алдыра отырып, ой елегінен өткізеді, осылайша баяндауды мифтендіру ұғымы пайда болады.

Әр жазушының бір мифологиялық есімді әр түрлі мәнде беруі де қызығушылық тудыруы мүмкін. Бұл автордың әр түрлі әдеби бағытқа байланысты мифте берілген идеяны түсіндіру мақсатында басты мифемдерді іріктегенде, оның қалай көрінетінін сараптауға жол ашады.

Қазір қазақ әдебиетінде мифке деген қызығушылық реализм мен постмодернизмге дейінгі көптеген эстетикалық бағытта жазып жүрген қаламгерлердің біразына тән деуге болады. Ол шағын әңгімеден романға дейінгі сан салалы жанрлық түрлерде көрініс беріп жүр. Миф қаншама көркем бағыттар мен жанрларда даму үстінде ғана емес, көркем туындыға етене енгізіліп келеді.

Қаламгер М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесі баяғы замандағы ата-бабаларымыздың тәу етіп, табынған «Тәңірі» туралы баяндалады. «Ол өзі бір Жақия да, Бұдда да, Иса да, тіпті Алла-тағаланың өзі де адам санасынан орын тебе қоймаған кез еді. Не жанарымызға сыймайтын, не ақылымызға сыймайтын мына жарық дүниені де, Адам ата мен Хауа анадан өзге тірі пенде көріп білмеген, көзге де, көңілге де қараңғы о дүниені де Тәңірі жеке-дара билейтін» [1, 365 б].

Ғалым С.Қасқабасовтың айтуынша қазақтың көне мифінде болатын ілкі ата –демиург Тәңір бейнесімен ауыстырылған. Ал, Тәңір аспанның әміршісі болған. Яғни, Тәңір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым тіршіліктің иесі деп көрсеткен. М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесін фольклорлық таным бойынша жасампаздық мифке жатқызамыз. Ғылымда көне мифтердің негізгі саласын жасампаздық мифтер деп санап, оларға тән түсінік – алғаш пайда болғанды ұғындыру деп көрсетеді. «Жасампаздық мифтер дегеніміз – бүкіл дүниені құрайтын нәрселердің пайда болуын баяндайтын мифтер», – деп анықтайды Е.М.Мелетенский өзінің «Поэтика мифа» атты еңбегінде» [2, 84 б].

Бұл мифтік повесте Тәңірі екі періштесінің сөзіне алма-кезек құлақ асып, айтқандарын тындап отырады. Екеуінің шар айналарынан бар ғаламда болып жатқан оқиғаларды көріп, өзгерістерді біліп отырады. Ең әуелі Адам ата мен Хауа ананы пейіштен қуғанда екеу – ақ еді, ал қазір саны біршама мыңға жетіпті ау деп топшалайды. Шарапат тек жақсылық сеуіп, мейірімді, ізгі ниеттің символы ретінде бейнеленген. Ал Кесапат керісінше, тек жамандық ойлап, қайтсем Шарапаттың жолын кесем деп қара ниет ойын ғана іске асыруды көздейді. Жазушы осы екі кейіпкер арқылы антитезалық бейнелеу тәсілімен жақсылық пен жамандықтың, мейірімділік пен қатыгездіктің, ізгілік пен зұлымдықтың қарама – қарсы символы ретінде көрсеткен. Бұл шығармада Шарапат адамның өмірі үшін, Тәңірінің алдында басын иіп, жалбарынып жәрдем сұрауы, ал Кесапаттың керісінше, оның бұл жақсылығына қалайда қарсы тұрып, не болса да құйтұрқы ойын іске асырып қалуы, жер бетіндегі қарапайым пенденің бойындағы қасиеттің де екіге бөлініп, жақсылығы мен жамандығы өмір бойы бір-біріне қарсы күресіп өтетіндігін аңғартады. Шарапат Тәңірден сұрап алған өтінішін орындауға бергенін алып, жерге алып-ұшып аттанып бара жатқанда, Кесапат қолын сұғып, жартысын алып қалғанын байқамай да, сезбей де қалады, тіпті бұл бірнеше рет қайталанса да соңына дейін білмейді. Яғни, бұдан түйетініміз, жұмыр басты пенденің де арасында осындай адамдар кездеседі, жақсылық жасаушының артынан жағымсыз ойын іске асырып жататындар да жетерлік. «Ұят туралы аңызда» шығармасы Ғ.Мүсіреповтің «Ана туралы жыр» әңгімесіне ұқсас. Мұнда да Адам ата мен Хауа ананың алғаш рет жер бетіне түсіп, ұрпақ жалғастыруы жөнінде әңгімеленеді. Бұл шығарманы фольклорлық пайымдаумен алғанда гениологиялық мифке жатқызуға болады деп санаймын. М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесінде басты кейіпкер Тәңірі болса, бұл туындыда Алла бейнесі айтылған. Яғни бұл жерде басты кейіпкерлер бір деп айтуға болады.

«Ұят туралы аңызда» Тәңірдің екі періштесі Шарапат пен Кесапат туралы болса, ал «Ана туралы жырда» Алланың бес періштесі болғандығы айтылады. Екі шығарманың басты идеясы - бір жаратушыға бас иіп, тағзым ету. Бұл туынды авторларының бастапқы идеясы – сонау дәуірден келе жатқан Тоныкөк, Күлтегін жырларымен үндесіп жатыр. М.Ысқақбаевтың повесін көне діни аңыздық сюжетке құрылған, мифтік кейіпкерлермен берілген жасампаздық рухани шығарма деп айтуға болады. Адами қасиеттерді анықтайтын

ар, ұят, қанағат, ақыл, жақсылық сияқты ұғымдарды мәңгілік жойылмайтын мәселе сынды көрсетеді. Өйткені адам бұл қасиеттерден айырылып, бұларды сезінбесе үлкен күнәға батып, небір істерге баруы мүмкін екендігі меңзеледі. Академик С.Қирабаев бұл шығарманы өте жоғары бағалаған. «Ұят туралы аңыз» повесі аңыздық сюжетпен жазылғанымен, адамзатты өмір бойы толғандыратын жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен зұлымдықтың бітпейтін күресін суреттеп береді. Мұнда ертегі сияқты оқиғалар бар, бірақ аңыз кейіпкерлерін адами қылыққа тән етіп сипаттайды. Бұл туындыдағы күллі ғаламды жаратушы Тәңірі де, жамандық періштесі Кесапат та, жақсылық періштесі Шарапат та аңыздық шеңберден шығып, көркем бейне болып беріледі. Ғалымның пайымдауынша бұл жазушының шеберлігі деп бағаланады. Шығарманы тереңірек түсінетін болсақ, дүниесі де, малы да, басқасы да жетерлік бір кейіпкердің түн ауа ұрлық жасауға шыққандығы туралы баяндалады.

Келесі өткен дәуірлерде шешімін таппаған мәселенің бірі – жер дауы. Бұл тақырып туралы кеңінен суреттелген Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесі. Шығармада өткен замандардағы аңыз-әңгімелерді еске ала отырып, қазіргі кездегі маңызды мәселелерді меңзейді. Автор бағзы замандағы аңызды жай ғана баяндап отырған жоқ, ол аңызды философиялық, психологиялық тұрғыдан топшылап, әлеуметтік сипатын ашып көрсетеді. Повесте бұрыннан отырған жерлерін бөлісе алмай, біресе жауласып, енді бірде татуласып, тек талас-тартыспен күш сынасып жатқан түрікмен мен қазақтың арасындағы қақтығыс өмір суреттеледі.

Түбі бір екі туыстас халық еш бітімге келе алмай, бір жерге сыйыса алмай, небір қиын жаугершілікті бастарынан өткерген. Бір-біріне аяусыз зорлық жасағандарын да еш кешіре алмай өтеді. Жазушы қанша жылдар бойы екі ұлттың жасаған зорлық-зомбылық әрекеттерін санамалап, әр түрлі оқиға желісін, яғни барымта, ұрлық, шауып кету, жер мен жесір дауы, зорлау, сондай-ақ ең озбыр, қатыгез жаза түрі – мәңгүрт жасау сияқты аңыздық оқиғаларды өте ашық баяндайды.

«Күй» повесінде түркімен халқының батыры Жөнейіт туралы жазылған. Ел көсемдері қабағына қарап сөйлейтін, ер жүрек әрі өте қатал, өліспей беріспейтін ер жігіт еді. Қолына түсірген қазақтың жасөспірім жігіттерін, аяусыз мәңгүртке айналдырады. Жауласудың ең ауыр, сорақы түрін осылай көрсетеді. Бұл ауыр жаза негізінде бұрыннан бар, бірақ бұл қиянат-зорлықтың ең шектен шыққан, ауыр түрі еді. Мәңгүрттіктің жанында басқа да қиын деген зомбылық түк те емес сияқты болып қалады. Мынадай азап шектіру арқылы, сол ұлтты тұқымымен құртып, олардың келешек ұрпағын түп тамырымен жоюды көздеу еді. Уыздай жап-жас, қара домалақ жасөспірімдердің өмірін, әп-сәтте тозаққа айналдырып, адам мен жануардың ортасындағы тірі затқа айналдырды. «Кенет тұтқын балалардың бірі артындағы тұтқынның кеудесіне екі шекесін алма кезек ұрғылап шыңғырып жіберді. Ақ тайлақтың терісі күнге күйіп, тырысып барады. Қаудырап кеуіп жатқан түйенің кеуі бас сүйекті сытырлатып шаға түсті. Қазір-ақ ұн қылып уатып жіберетіндей. Басқа тұтқындар да бебеулей бастады» [3, 99 б]. Жазушы мәңгүрттік және мәңгүрт жасау деген аңыздық сюжетті өте орынды пайдаланып, сол замандағы ащы шындық пен маңызы зор мәселені ашып берді. Бұл тақырып жауласқан елдер арасында, жалпы тарихта бар екендігі мәлім. Осындай мәліметтер кейбір ауыз әдебиеті нұсқаларында да кездеседі. Мысалы, қырғыздың «Манас» жырында да жасөспірімдерді алып кетіп, олардың бастарына аяусыз шіре байлайтыны туралы баяндалады. Мәңгүрт сөзімен ауысытырылғанымен «шіре байлау», «кепеш кигізу» деген ұғымдар да осымен бірдей азап екені анық.

«Олар бір апта бойы осылай зар илеп, шыңғырды да жүрді. Сосын бастарына шаш шықты, ол түйенің көңінен өте алмай, қайтадан бастың күйқасын тесіп кері өсті. Алты тұтқын елі қайда, жері қайда екенін білмейтін мәңгүртке айналды. Жүре-жүре тілден де айрылды. Түйемен бірге өреді, түйемен бірге келеді» [3, 99-100 б].

Жазушының негізгі айтайын деген ойы қай заман, қай дәуір болса да әр қоғамның өз мәңгүрті бар екендігін жеткізу еді. Кеңес Үкіметі тұсындағы мәселе бір бөлек, ал қазір тәуелсіз ел бола тұра өз ана тілімізді, ата тегін білмейтін қазақтардың бар екендігі де жүректі қынжылтады. Мұндай адамдарды рухани байлығын білгісі де келмейтін қазіргі заманның

мәңгүртіне жатқызуға болады. Автор бағзы заманғы мәңгүрттікті дұшпандары күштеп жасаған болса, қазіргі мәңгүрттік өз қолымен жасап алған аса қауіпті түрі деген ойға әкеледі.

Басты кейіпкер – түркімен батыры Жөнейіт жауынан кек алам деп туған бауырынан да, баласынан да айырылғандығын өмірінің соңында құлағына шыңылдап естіліп тұрып алған күйдің үнінен ғана түсінеді. Автор өткен кезеңдегі қолдан жасалған мәңгүрттік пен қазіргі кезеңдегі мәңгүрттік деген сөздердің мағынасын астарлап, қарама-қарсы қоя отырып, түпкі мағынасын әлеуметтік тұрғыдан антитеза формасымен байланыстырды.

Күй өнері – сонау заманнан бері өнер ретінде ғана емес, көп жағдайда оңтайлы шешім шығарудың жолын көрсетер рухани қазынамыз болып келді. Бұл жерден түйгеніміз – екі елді араздастырған да, татуластырған да күй өнерінің күдіреті еді. Ол күйдің астарында – рухани түсінік, таным, ұлтымыздың болмыс-бітімі, салт-санамыздың ұшқыны, фольклорлық сана, барша қазақ халқының мәдени – пәлсапалық құндылығының қайнар көзі жатыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. М.Ысқақбай. Ғашық боп көрмеген келіншек.Таңдамалы. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1996. – 528 б.
2. С.Қасқабасов. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
3. Ә.Кекілбаев. Ханша-Дария хикаясы. Балладалар мен роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 320 б.